



KAZGUU
UNIVERSITY

«КАЗГЮУ Университеті» АҚ

Сұрақтар

ф.ғ.к. доцент Дүсіпбаева Қ.С.

Басты кейіпкер қандай әрекетке барды?

Бұл оқиғадан кейін ... қандай жағдайға ұшырады?

... басты себептері қандай болды?

Шеберлік

- ойлау дағдыларын жоғары деңгейде дамыту үшін (салыстыру, бағалау, интерпретация, бөлшектерден «бірізді бейнені» жасауды, болжау дағдыларын) негіз болатын сұрақтар қолданылады. не? кім? қашан? дегеннің орнына неге? не үшін? деп бастау;
- жауабы әңгімелеуден алшақ болуы керек;
- өз сұрағыңызға өзіңіз жауап беріп көріңіз, егер сұрақтың бір немесе бірнеше нақты жауабы болса- бұл негізге алынатын сұрақ емес;
- негізге алған сұраққа бірден жауап берілмейді, сұрақты толық түсініп, жауап беру үшін уақыт керек;
- сіздің сұрағыңыз әлі де фидософ, ғалымдар мен ақындар пікірталасының тақырыбы болып табылады ма? Егер «иә» деген жауап берсеңіз, онда сіз өте маңызды сұрақ құрастыра алғаныңыз.

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу және түсіну	Не? Кім? Қашан? Не ... үлгісі болып табылады? ... не түспалданады? ... басқаша қалай түсіндіруге болады? ... бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
Талдау	Неге? Қалай? ... себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ... себебі қандай? ... бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті?

Негіз болатын және оқу (жеке) сұрақтары арасындағы айырмашылықтар

Негіз болатын сұрақтар	Фактілерге негізделген оқу (жеке) сұрақтары
Өнер мәдениетті көрсете ме, әлде оны өзгерте ме?	Ренессанс өнері деген не?
Неге заңдар өзгереді?	Заң деген не?
Адамзат тарихы ілгерлеу тарихы бола ма?	Сен қандай өнертапқыштарды білесің және олар нені ойлап тапты?

Проблемалық сұрақтар негізге алынатын
сұрақтардың бастамасы болады.

Негізге алынатын сұрақтар	Проблемалық сұрақтар
Барлық замандарда әдеби шығармалар адамдар үшін неге маңызды болып табылады?	Неге қазіргі күнге дейін Шекспирдің шығармалары оқылады? Шекспирдің шығармалары біздің өмірімізді қалай суреттейді?
Өнер бізді неге үйрете алады?	60-жылдардың музыкасы осы кезеңнің мәдениеті туралы не айта алады?
Біз жануарларды түсіне аламыз ба және олар бізді түсіне ала ма?	Жануарлар неліктен өмірге бейімделуге мәжбүр болады?

**Назарларыңызға
рақмет!**



KAZGUU
UNIVERSITY